

"Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2010-2012 жылдарға арналған мемлекеттік орман қорында соның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орманды пайдаланғаны үшін төлем ставкалары туралы" облыстық мәслихат сессиясының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 20/7

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы N 32/14 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 1 сәуірде N 1772 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 2013 жылғы 10 сәуірдегі N 01.20/126 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы мәслихатының 10.04.2013 N 01.20/126 хаты)

Қазақстан Республикасының «Салықтар және бюджетке басқа да міндетті төлемдер туралы» 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV Кодекстің 506-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 8 шілдедегі № 477 Орман Кодексінің 14-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес облыстық мәслихат

Ш Е Ш Т І :

1. «Солтүстік Қазақстан облысы бойынша 2010-2012 жылдарға арналған мемлекеттік орман қорында соның ішінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орманды пайдаланғаны үшін төлем ставкалары туралы» облыстық мәслихат сессиясының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 20/7 шешіміне (2010 жылғы 20 қаңтардағы № 1737 мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2010 жылғы 30 қаңтардағы «Солтүстік Қазақстан», 2010 жылғы 30 қаңтардағы «Северный Казахстан» газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін :

шешімнің кіріспе сөзбасында «...Қазақстан Республикасы 2003 жылғы 8 шілдедегі № 477 Орман Кодексінің 14-бабына» сөзінен кейін «2010 жылғы 26 қарашадағы № 730 Қазақстан Республикасындағы орманды үстеме пайдаланудың ережелері» сөздерімен толықтырылсын;

1-тармақта «...табиғи аумақтарда» сөздерінен кейін «мемлекеттік орман иеленушісі беретін орман билетінің негізінде орман пайдаланушыларға арналған» сөздерімен толықтырылсын ;

облыстық мәслихаттың XX сессиясының 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 20 /7 шешімінің 1-қосымшасындағы 4.9, 4.10, 4.11, 4.11.1, 4.11.2, 4.11.3, 4.11.4, 4.11.5 тармақтар келесі редакцияда мазмұндалсын:

4.9	Мемлекеттік орман қоры учаскесінде бір омартаны орналастыруға	1 омарта үшін 512,54 теңге
4.10	Шөп шабуға	1 га 358,78 теңге
4.11	Ауыл шаруашылығы малдарының бір басын жаю үшін	1 басқа теңгемен
4.11.1	Ірі-қара мал	1 басқа 2152,68 теңге
4.11.2	Жылқы	1 басқа 2152,68 теңге
4.11.3	Ірі қара малдың жас төлдері	1 басқа 1076,34 теңге
4.11.4	Ешкілер	1 басқа 1883,60 теңге
4.11.5	Қойлар	1 басқа 538,17 теңге

2. Осы шешім оны бірінші ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың
XXXII сессиясының төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың
хатшысы
т ө р а ғ а с ы*

Н.Коняхин

Қ. Едіресов